

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 ақпандағы № 19-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 12 наурызда № 7-2-87 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 16-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 27.12.2013 № 16-3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің № 95-IV Заңының 56 бабының 1 тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" № 148 Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" № 2247 Заңының 2 тарауының 5-10 баптарын басшылыққа алып аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Ақжайық ауданы азаматтарының келесі жекелеген санаттарына ай сайын берілетін әлеуметтік көмек белгіленсін:

1) - алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихаттың 2012.12.20 № 7-7 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына әскер қатарына соңғы шақырылған тұлғаларға төменгі айлық есептік көрсеткіштің 2,9 мөлшерінде;

3) бейбітшілік кезінде әскери қызметін өтеу барысында қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына төменгі айлық есептік көрсеткіштің 1,5 мөлшерінде ;

4) 1979-1989 жылдардағы Ауған соғысына қатысқаны үшін жауынгерлік награда алған ардагерлерге, I-II топ мүгедектеріне, қаза болған жауынгерлердің отбасыларына 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) "Капустин Яр" және "Азғыр" ядролық сынақ полигондарының әсерінен зардап шеккен :

бала кезінен мүгедектеріне, 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға және I топ мүгедектеріне – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

II топ мүгедектеріне - 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

III топ мүгедектеріне - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихаттың 2011.07.01 № 32-6 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.20 № 7-7 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. Ақжайық ауданында тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың келесі жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) мемлекеттік мереке Жеңіс күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек – 5 0 0 0 0 0 0 теңге;

соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтарының қайталап некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 5 0 0 0 0 0 0 теңге;

1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында қоса алғанда кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға – 3 0 0 0 0 0 0 теңге;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметкерлердің отбасыларына – 10 0 0 0 0 0 0 теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға - 5 0 0 0 0 0 0 теңге;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің қайтадан некеге тұрмаған жесірлеріне – 10 0 0 0 0 0 0 теңге;

Ауғанстанда әскери міндетін өтеу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге және Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына – 1 0 0 0 0 0 0 теңге;

1986-1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясы апатының

зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға – 10 000 теңге;

Чернобыль атом электростанциясы апатының салдарынан мүгедек болған адамдарға – 10 000 теңге;

Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасыларына – 10 0 0 0 ;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында емделуде жатқан және есепте тұрған онкологиялық, психоневрологиялық ауруымен ауратын азаматтарға және он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалардың емделуі үшін -10 000 теңге;

3) денсаулық сақтау ұйымдарында емделуде жатқан және есепте тұрған туберкулез ауруымен ауратын азаматтарға – 15 000 теңге;

4) аз қамтылған азаматтарға, дәрігерлік - кеңестік комиссия қорытындысының және дәрігердің жолдамасы негізінде ауданнан тысқары жерлерде емделуге баратын азаматтарға - 30 000 теңге;

5) облыс орталығындағы гемодиализ аппаратына мұқтаж бірінші топтағы мүгедектерге - 50 000 теңге;

6) аз қамтылған азаматтың жерлеуін жүзеге асырған тұлғаға - 10 000 теңге;

7) өрттен, су тасқыны, басқа да табиғи және техногендік сипаттағы апатқа ұшыраған азаматтарға (отбасыларға) – 10 000 теңге;

8) аз қамтылған күнкөріс деңгейінен төмен орта жанды кірісі бар отбасыларға (азаматтарға) – 10 000 теңге;

9) соғысқа қатысушылары мен мүгедектерінің және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соларға теңестірілген адамдардың, тылда еңбек етіп, әскери қызмет өткерген азаматтарға, санаторлық курорттық емделуді ұсыну.

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихаттың 2012.06.22 № 4-5 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3. Аудандық мәслихаттың "Мұқтаж адамдардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2008 жылғы 22 қазандағы № 8-5 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-2-64 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 21 қарашада "Жайық таңы" газетінің № 48 санында жарияланған) күші жойылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасының
өкілеттігін атқарушы *Д. Жақсыбаев*
Мәслихат хатшысы *Д. Жақсыбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК